

«SAT & Company» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ

БІРІНШІ ОБЛИГАЦИЯЛЫҚ

БАҒДАРЛАМАСЫН

ШЫҒАРУ ПРОСПЕКТІСІ

(«SAT & Company» АҚ)

Шығарылым көлемі 30 000 000 000 (отыз миллиард) теңге

**облигациялық бағдарламаны шығару проспектісі 01 маусым 2012 ж. қарай құрастырылды,
қаржы көрсеткіштері 01 сәуір 2012 ж. қарай көрсетілген**

Облигацияларды шығаруды уәкілетті органның мемлекеттік тіркеуі инвесторларға проспектіде сипатталған облигацияларды сатып алуға қатысты қандай да ұсыныстары беруді білдірмейді. Облигацияларды шығаруды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырған уәкілетті орган осы құжатта келтірілген ақпараттың дұрыстығына жауап бермейді. Облигацияларды шығару проспектісі тек Қазақстан Республикасы заңнамасы талаптарына сәйкестікке қарастырылды. Эмитенттің лауазымды тұлғалары осы проспектіде келтірілген ақпараттың дұрыстығы үшін жауап береді және ондағы келтірілген барлық ақпараттың дұрыс екенін және инвесторларды эмитентке және оның облигацияларына қатысты жаңылыстырмайтынын растайды.

Алматы қ., 2012 жыл

1 ТАРАУ. ЭМИТЕНТ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТ

2. Эмитенттің атауы

Эмитенттің атауы	Мемлекеттік тілде	Орыс тілінде	Ағылшын тілінде
Толық атауы	«SAT & Company» Акционерлік қоғамы	Акционерное общество «SAT & Company»	«SAT & Company» Joint Stock Company
Қысқартылған атауы	«SAT & Company» АҚ	АО «SAT & Company»	«SAT & Company» JSC

Эмитенттің бұрынғы толық және қысқартылған атауы:

Қоғамның құрылуы алдында «SAT & Company» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлік №43446-1910-ТОО, 25 қаңтар 2005 ж. выдано Алматы қаласы Әділет департаментімен берілген, біріншілік тіркеу күні 18 қазан 2001 ж.) «SAT & Company» акционерлік қоғамына түрленуі түрінде қайта ұйымдастырылды.

Қоғам қайта ұйымдастырылған «SAT & Company» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мүлігінің, барлық құқықтарының және міндеттерінің тапсыру актісіне сәйкес құқықтық мирасқоры болып табылады.

3. Эмитентті мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәлімет

Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәлік № 79711-1910-АО, 15.08.2006 ж., Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігі, Алматы қаласы Әділет Департаментінде тіркелген.

4. Салық төлеушінің тіркеу нөмірі

СТН 600 700 233 440.

5. Эмитенттің орналасқан жері, байланыс телефондарының және факс нөмірлері, электронды пошта нөмірі

Заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 050008, Алматы қ., Алмалы ауданы, Мұқанов көш., 241-үй

Тұрғылықты мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 050008, Алматы қ., Алмалы ауданы, Мұқанов көш., 241-үй

☎ +7 (727) 277 71 11, 355 88 00, ☎ +7 (727) 277 71 00, E-mail: info@sat.kz, www.sat.kz

6. Эмитенттің банктік деректемелері

«Еуразиялық банк» АҚ № 6 АФ, БСК EURIKZKA

KZ2294806KZT22030426	KZT
KZ3094806USD22030160	USD
KZ6494806GBP22030012	GBP
KZ1594806EUR22030095	EUR

«Қазақстанның Эксим Банкі», БСК EXKAKZKA

KZ839420022030000307	KZT
KZ779420022030000512	USD
KZ139420022030000306	RUB
KZ039420022030000098	EUR

«Қазақстанның Халық Банкі» АҚ № 139900 АОФ, БСК HSBKKZKX

KZ046010131000059723	KZT
KZ316010131000059722	KZT
KZ636010131000049543	KZT
KZ126010131000099543	EUR
KZ186010131000100987	GBP
KZ366010131000049544	USD
KZ096010131000049545	RUB

7. Эмитенттің қызмет түрлері

Жарғыға сәйкес Эмитент келесі қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1. инвестициялық қызмет;

2. халық тұтынатын тауарларды көтерме және бөлшектік сату;
3. іргелі құрылыс үшін инженерлік барлаулар;
4. іргелі құрылыс үшін жоба жұмыстары;
5. құрылыс ғимараттарын, бұйымдарды және материалдарды дайындау және өндіру;
6. сәулеттік-қаоа құрылысы қызметінің басқа да түрлері;
7. өзіндік материалдық-техникалық қорды қалыптастыру, делдалдық және маркетингтік қызметтер, өкілдік және агенттік қызметтер;
8. қоғамдық тамақтану, соның ішінде асханалар, дәмханалар, барлар, мейрамханалар және т.б. желілерін қалыптастыру;
9. коммерциялық дүкендер, сауда орталықтары желілерін қалыптастыру;
10. ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру, даярлау, сақтау және қайта өңдеу;
11. құрылыс-жөндеу жұмыстары;
12. халық тұтынатын тауарларды өндіру;
13. қонақ үйлік қызмет көрсету;
14. жарнамалық қызмет;
15. риэлтерлік қызметтер;
16. халыққа тұрмыстық қызмет көрсету;
17. автожанармай бекеттері желілерін ұйымдастыру;
18. мұнай өнімдерін, жанар-жағар май материалдарын сатып алу, қайта өңдеу және сату;
19. көлік құралдарын жөндеу және техникалық жабдықтау;
20. жүк тасымалдау бойынша қызметтер және басқа да көлікті-экспедициялық қызметтер;
21. кеңсе техникасын, тұрмыстық теле-радио аппаратураны және электр құралдарын жөндеу және жабдықтау;
22. бағдарламалық қамтаманы әзірлеу, ендіру және қолдау;
23. құрал жасау;
24. сауда-саттық, сауда-өкілдік, соның ішінде сыртқы сауда қызметі;
25. Қазақстан Республикасы заңнамасымен тыйым салынбаған басқа да қызмет түрлері.

7-1. Егер эмитент қаржы агенттігі мәртебесіне ие болса, онда келесі мәліметтерді көрсету керек:

Эмитент қаржы агенттігі мәртебесіне ие емес.

8. Эмитентке немесе ол шығарған бағалы қағаздарға халықаралық рейтингтік агенттіктер және (немесе) Қазақстан Республикасының рейтингтік агенттіктері меншіктеген рейтингтер туралы мәлімет. Егер эмитентке қаржы агенттігі мәртебесі меншіктелсе, уәкілетті орган қаулысының күнін, нөмірін көрсету керек

«Эксперт РА Қазақстан» Рейтингтік Агенттігі» 29 мамыр 2012 жылы Эмитентке кредиткеабілеттілік рейтингісін – (B+) (кредиткеабілеттіліктің тиісті деңгейі) облигациялық заем сенімділігі рейтингісін ҰСН KZ2C0Y07C826 – (B+) (кредиткеабілеттіліктің тиісті деңгейі). Әрекет ету мерзімі 1 жыл (29.05.2012 ж. бастап 29.05.2013 ж. дейін).

Қоғамға қаржы агенттігі мәртебесі меншіктелмеді.

9. Эмитенттің барлық бөлімшелерінің және өкілдіктерінің атаулары, тіркелу күндері, орналасқан жерлері және пошталық мекенжайлары

Эмитенттің бөлімшелері және өкілдіктері жоқ.

10. Эмитенттің соңғы үш аяқталған қаржылық жылындағы қаржылық есебіне аудитті жүзеге асырған (жүзеге асырушы) аудиторлық ұйымдардың толық ресми атауы (аудитордың тегі, аты, бар болуы жағдайында – әкесінің аты), олардың сәйкес алқалықтарға (ассоциацияларға, палаталарға) тиістілігін көрсете отырып

2010-2011 жж. шоғырландырылған қаржылық есептілікке аудитті «ПрайсуотерхаусКуперс» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі аудиторлық компаниясы жүзеге асырды, Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің Бас мемлекеттік лицензиясы № 0000005, 21 қазан 1999 ж. аудиторлық компания атынан тәуелсіз аудитор есебі «ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС басқарушы директоры Жанбота Т. Бекенов, аудитор атқарушы Светлана Белокурова, біліктілік куәлігі

№0000357, 21 ақпан 1998 ж., Азамат Конратбаев, аудит бойынша серіктес (АССА Қорғаушы Бухгалтерлер Институты, сертификат № 00770863, 08 мамыр 2003 ж.) тарапынан бекітілді.

«ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС «Қазақстан Республикасы Аудиторлар Палатасы» кәсіби аудиторлық ұйымының мүшесі болып табылады.

2008-2009 жж. шоғырландырылған қаржылық есептілікке аудитті «BDO Қазақстанаудит» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі аудиторлық компаниясы жүзеге асырды (заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлік № 61409-1910-ТОО, 31.05.2006ж. Алматы қ. Әділет департаментімен берілген), Аудиторлық қызметпен айналысу үшін берілген Бас мемлекеттік лицензия №0000276, 24 маусым 2004 ж. Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігімен берілді. Есеп «BDO Қазақстанаудит» ЖШС Басқарушы серіктесі, Бас директоры Сапар Хайсаханович Кошкимбаев тарапынан бекітілсе, аудитор Абдул-Газиз Шакаримович Мукашев (біліктілік куәлігі №0000016, 13 маусым 1994 ж.) тарапынан қол қойылды.

«BDO Қазақстанаудит» ЖШС «Қазақстан Республикасы Аудиторлар Палатасы» кәсіби аудиторлық ұйымының мүшесі болып табылады (негіз: Аудиторлар Палатасы Кеңесінің № 11 18 қазан 1994 ж. Қаулысы).

Проспектіні уәкілетті органға ұсынғанға дейін үш жыл ішінде сәйкес қызметтерді көрсету туралы келісімшарттар жасасқан заң және қаржы мәселелері жөніндегі кеңесшілердің толық ресми атауы, олардың сәйкес алқалықтарға (ассоциацияларға, палаталарға) тиістілігін көрсете отырып

Заң кеңесшілері:

Атауы	Орналасқан жері	Бірінші басшының ТАӘ	Сәйкес алқалықтарға (ассоциацияларға, палаталарға) тиістілігі
Norton Rose LLP.	Лондон қ.	Ақпарат жоқ	Ақпарат жоқ
Houthoff Buruma	Амстердам қ.	Ақпарат жоқ	Ақпарат жоқ
Maclay Murray and Spens LLP.	Лондон қ.	Ақпарат жоқ	Ақпарат жоқ

Қаржы мәселелері жөніндегі кеңесшілер:

Атауы	Орналасқан жері	Бірінші басшының ТАӘ	Сәйкес алқалықтарға (ассоциацияларға, палаталарға) тиістілігі
RBS Hoare Govett Limited	Лондон қ.	Ақпарат жоқ	Ақпарат жоқ
«Ренессанс Капитал Инвестментс Қазақстан» АҚ	Алматы қ.	Юлдашева Дина Камбаровна	«Қазақстан қор биржасы» АҚ мүшесі Қазақстан қаржыгерлері ассоциациясының мүшесі
«ORKEN Invest» АҚ	Алматы қ.	Усеров Даулет Ералыевич	«Қазақстан қор биржасы» АҚ мүшесі Қазақстан қаржыгерлері ассоциациясының мүшесі

11. Эмитенттің корпоративтік басқару кодексін қабылдаған күні (егер оның қабылдануы қоғам жарғысымен қарастырылса)

Корпоративтік басқару кодексі жалғыз акционердің 9 қараша 2006 ж. № S&Co-7-2-10/1 шешімімен қабылданды.

2 ТАРАУ. ЭМИТЕНТТІҢ БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫ

12. Эмитенттің басқару органдарының құрылымы

Қоғам органдарының құрылымы оның Жарғысымен анықталған.

Жарғыға сәйкес, Эмитенттің органдары болып келесілер табылады:

<i>Жоғары орган</i>	<i>Акционерлердің жалпы жиналысы</i>
<i>Басқару органы</i>	<i>Директорлар Кеңесі</i>
<i>Атқарушы орган</i>	<i>Басқарма</i>
<i>Бақылаушы орган</i>	<i>Ішкі аудит қызметі</i>

Акционерлердің жалпы жиналысы ерекше құзыреті:

- 1) Қоғамның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оның жаңа түзетілімін бекіту;
- 2) Корпоративтік басқару кодексін, сонымен қатар ол қабылдануы жағдайында оған енгізілген өзгерістер мен түзетулерді бекіту;
- 3) Қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немес жою;
- 4) Қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту туралы немесе Қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешімдерді қабылдау;
- 5) Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау шарттылықтарын және тәртібін анықтау, сонымен қатар оларды өзгерту;
- 6) Есептік комиссия құрамын және оның уәкілеттілік мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және оларды сайлау барысында олардың уәкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 7) Директорлар Кеңесі құрамын және оның уәкілеттілік мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың уәкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату, сонымен қатар Директорлар Кеңесі мүшелеріне сыйақы төлеу шамасын және шарттылықтарын анықтау;
- 8) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды анықтау;
- 9) Жылдық қаржылық есептілікті бекіту;
- 9-1) қоғам акцияларының ерікті делистинг туралы шешім қабылдау;
- 10) Есептік қаржылық жылдағы Қоғамның таза кірісін үлестіру тәртібін бекіту, қарапайым акциялар бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылдау және жыл қорытындысы бойынша Қоғамның бір қарапайым акциясы есебінде дивиденд шамасын бекіту;
- 11) осы Жарғының 6 бабының 6 тармағында қарастырылған жағдайлар орын алғанда, Қоғамның қарапайым және артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау;
- 12) Қоғамның жалпы есеппен Қоғамға тиеселі балық активтердің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын активтерінің бір немесе бірнеше бөлігін беру арқылы басқа заңды тұлғаларды құруға немесе оның қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;
- 13) Қоғамның акционерлерді Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы хабарлама түрін анықтау және мұндай ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыру туралы шешім қабылдау;
- 14) Оларды Қоғам Заңға сәйкес сатып алу жағдайында, акциялар құнын анықтау әдістемесіне енгізілген өзгерістерді бекіту (егер құрылтайшы жиналыс бекітпесе, әдістемені бекіту);
- 15) Акционерлердің Жалпы жиналасының күн тәртібін бекіту;
- 16) Қоғамның қызметі, соның ішінде бұқаралық ақпарат құралдары туралы ақпаратты акционерлерге ұсыну тәртібін анықтау;
- 17) "алтын акцияны" енгізу және күшін жою;
- 18) олар бойынша шешім қабылдау Заңмен және Қоғамның Жарғысымен акционерлердің Жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатқызылған өзге сұрақтар.
- 19) Осы баптың 11 тармағының 1-4 тармақшаларында көрсетілген сұрақтар бойынша акционерлердің Жалпы жиналысының шешімі, Қоғамның дауыс беретін акциясының жалпы санынан айқын көпшілікпен қабылданады.
- 20) Басқа сұрақтар бойынша акционерлердің Жалпы жиналысының шешімі, дауыс беруге қатысушы Қоғамның дауыс беретін акциясының, жалпы санынан қарапайым көпшілікпен қабылданады.
- 21) Шешім қабылдау акционерлердің Жалпы жиналасының ерекше құзыретіне жатқызылған сұрақтарды басқа органдардың, Қоғамның лауазымды тұлғаларының және жұмысшыларының

құзыретіне беру рұқсат етілмейді, егер Заңмен және Қазақстан Республикасының өзге заңнамалық актілерімен өзгесі қарастырылмаған болса.

22) Акционерлердің жалпы жиналысының, Қоғамның ішкі қызметіне жататын сұрақтар бойынша Қоғамның басқа органының кез келген шешімінен бас тартуға құқығы бар.

Директорлар кеңесінің ерекше құзыреті:

- 1) Қоғам қызметінің басым бағытын анықтау;
- 2) Акционерлердің жалпы жиналысының жылдық және кезектен тыс жиналысы туралы шешім қабылдау;
- 3) Орналастыру (іске асыру), соның ішінде жарияланған акциялар саны бойынша орнатылған (іске асырылған) акциялардың саны, оларды орналастыру (іске асыру) әдісі мен бағасы туралы шешім қабылдау;
- 4) Қоғамның орнатылған акцияларын немесе басқа құнды қағаздарын сатып алу және олардың сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;
- 5) Қоғамның жылдық қаржы есебін алдын ала бекіту;
- 6) Қоғамның туынды бағалы қағаздарын және облигацияларды шығару шарттарын анықтау;
- 7) Басқарма уәкілеттіліктерінің сандық құрамын, мерзімін анықтау, оның басшысын және мүшелерін (атқарушы органның қызметтерін жекедара жүзеге асырушы тұлғалар) тағайындау, сонымен қатар олардың уәкілеттіліктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 8) Басшыға және Басқарма мүшелерге (атқарушы органның қызметтерін жекедара жүзеге асырушы тұлғалар) жалақы және сыйлықақы төлеу шарттарын және қызметтік жалақыларының көлемін анықтау;
- 9) Ішкі аудит Қызмет уәкілеттелігінің сандық құрамын, мерзімін анықтау, оның басшысын және мүшелерін тағайындау, сонымен қатар олардың уәкілеттіліктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін және қызметкерлерінің еңбек ақысы мен сыйлық ақысын төлеу шарттарын анықтау;
- 10) Бірлестік хатшысының уәкілеттілік мерзімін тағайындау, анықтау, оның уәкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату, сонымен қатар бірлестік хатшысының қызметтік жалақы көлемін және сыйақы төлеу шарттарын анықтау;
- 11) Аудиторлық ұйым қызметінің, сонымен қатар Қоғам акциясының төлеуге берілген, немесе ірі келісім мәні болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының жалақы көлемін анықтау;
- 12) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында атқарушы орган қабылдайтын құжаттардан басқа), соның ішінде Қоғамның бағалы қағаздарының жазылысын және бәссаудасын өткізу тәртібін және шарттарын орнатушы ішкі құжаттарды бекіту;
- 13) Қоғам бөлімшелері мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешім қабылдау және олар туралы ережені бекіту;
- 14) Қоғамның басқа заңды тұлғалардан он және одан астам акция пайыздарын (жарғы капиталындағы қатысу үлесі) алу туралы шешім қабылдау;
- 15) Он және одан астам акция пайыздары (жарғы капиталындағы қатысу үлесі) Қоғамға тиесілі, заңды тұлғаның, акционерлер (қатысушылар) жалпы жиналысының құзыретіне жататын қызметіне қатысты сұрақтар бойынша шешім қабылдау;
- 16) Қоғамның міндеттерін оның меншікті капитал көлемінің он және одан астам пайызын құрайтын мөлшерге дейін өсіру;
- 17) Бұрынғы тіркеушімен келісім шартты бұзған жағдайда, Қоғамның тіркеушіні таңдау;
- 18) Қоғам және оның қызметтік, коммерциялық немесе басқа заңмен қорғалатын құпиясын құрайтын қызметі туралы ақпаратты анықтау;
- 19) Ірі келісімдер және Қоғам мүдделігі бар жасалған келісімдер жасау туралы шешім қабылдау;
- 20) Үшінші тараптардың міндеттерін, соның ішінде үшінші тараптарға кепілдер беруді жүзеге асыруды қамтамасыз ету туралы шешім қабылдау;
- 21) Үшінші тараптардан қарыз және инвестиция алу, сонымен қатар үшінші тараптарға қаржылық және басқа да көмек көрсету туралы шешім қабылдау;
- 22) Акционерлердің Жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатпайтын Қоғамның Жарғысымен қарастырылған басқа сұрақтар;

Басқарма құзыреті:

1. Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналысы мен директорлар Кеңесінің қарап тексеруіне тиісті барлық сұрақтарды алдын ала талқылайды, осыған байланысты қажетті құжаттарды

дайындайды, директорлар Кеңесінің және Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналысының шешімдерін орындауды ұйымдастырады;

2. Қоғам жұмысымен басшының мәселелерін шешеді;
3. Акционерлердің Жалпы жиналысына өткен жылдың жылдық қаржы есебін ұсынады;
4. Қоғамның ішкі құызметін реттеуші құжаттарды өңдейді және бекітеді.
5. Акционерлердің Жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатпайтын және Қоғамның директорлар Кеңесінің құзыретін жатпайтын басқа мәселелерді қарайды және шешеді.

13. Эмитенттің Директорлар Кеңесінің (бақылаушы кеңестің) мүшелері

Қоғамның Директорлар кеңесінің Басқарма төрағасы және мүшелерінің тегі, аты, бар болуы жағдайында - әкесінің аты және туған жылы	Соңғы үш жылдағы және осы уақыттағы Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің лауазымдары, хронологиялық тәртіпте, соның ішінде – қосарлы қызмет, олардың лауазым еткен мерзімдері	Директорлар кеңесі мүшелерінің Қоғамның (акциялардың) жарғылық капиталына қатысуы, қатысу үлесін көрсете отырып	Директорлар кеңесі мүшелерінің еншілес және байланысты ұйымдардың жарғылық капиталына қатысуы, қатысу үлесін көрсете отырып
<p align="center">Директорлар кеңесінің Төрағасы Ракишев Кеңес Хамитұлы, 1979 ж/т.</p>	<p>1) 07 қараша 2008 ж. – 26 қаңтар 2010 жыл, 28 қаңтар 2010 жылдан – осы уақыт бойы Қоғамның Директор кеңесінің Төрағасы;</p> <p>2) 23 қыркүйек 2011 жылдан осы уақыт бойы - SatFerro Limited Директоры;</p> <p>2) 18 тамыз 2011 жылдан осы уақыт бойы - SAT & Co Netherlands N.V. Төрағасы / Орындамайтын директоры;</p> <p>3) 19 желтоқсан 2011 жылдан осы уақыт бойы ShalkiyaZinc N.V. Директорлар кеңесінің Төрағасы</p> <p>4) 2010 жылдың 22 желтоқсанан осы уақыт бойы Jinsheng SAT (Tianjin) Commercial and Trading Co.,Ltd, Baicheng Jinsheng Nickel Industry Co.,Ltd, Taonan City Jinsheng Metallurgical Products Co.,Ltd, Ulanhot Jinyuanda Heavy Chemical Industry Co.,Ltd Директорлар кеңесінің Төрағасы;</p> <p>5) 04 тамыз 2008 ж. – 26 сәуір 2010 жыл - «Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» (Қазақстан Петрокемикал Индастриз Инк.) ЖШС Бақылау кеңесінің мүшесі.</p> <p align="center"><i>Қосымша жұмыс істеушілік бойынша</i></p> <p>6) 2004 жылдың 11 қазынан осы уақыт бойы – Қазақстан Республикасының Сауда-Өнеркәсіптік Палатасының Вице-президенті лауазымында.</p>	<p align="center">66,36 %</p>	<p align="center">Жоқ</p>
<p align="center">Директорлар кеңесінің мүшесі Тоғтаров Олжас Танирбергенович, 1980 ж/т.</p>	<p>1) 1) 07 қараша 2008 ж. – осы уақыт бойы - Қоғам Басқармасының Төрағасы;</p> <p>2) 2) 15 қараша 2007 ж. – 22 қаңтар 2010 ж. және 12 наурыз 2012 ж. - осы уақыт бойы - Қоғамның Директорлар Кеңесінің мүшесі.</p> <p>3) 3) 23 қыркүйек 2011 ж. - осы уақыт бойы - SatFerro Limited Басқармасы құрамындағы директор,</p> <p>4) 4) 18 тамыз 2011 ж. - осы уақыт бойы - SAT & Co Netherlands N.V. Басқармасы құрамындағы тәуелсіз директор</p>	<p align="center">0,73%</p>	<p align="center">Жоқ</p>
<p align="center">Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор Рахимов Сейткали Сайлаубаевич 1965 ж/т.</p>	<p>1) 2009 жылдың сәуірінен 2012 жылдың ақпанына дейін – «Тау-Кен Самрұк» Ұлттық таукен компаниясы» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары;</p> <p>2) с 12 наурыз 2012 года осы уақыт бойы – Независимый директор Общества.</p> <p align="center"><i>Қосымша жұмыс істеушілік бойынша</i></p> <p>3) 2011 жылдың маусымнан бастап қыркүйегіне дейін – «Қазгеология» ұлттық геологиялық барлау компаниясы» АҚ құру бойынша ҚР Қаржы Министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің уәкілетті тұлғасы</p>	<p align="center">Жоқ</p>	<p align="center">Жоқ</p>
<p align="center">Директорлар кеңесінің мүшесі,</p>	<p>1) 26 наурыз 2007 ж. – осы уақыт бойы – Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор;</p>	<p align="center">Жоқ</p>	<p align="center">Жоқ</p>

<p>тәуелсіз директор Каракулов Шарип Ганиевич, 1979 ж/т.</p>	<p>2) 2010 жылдың 03 сәуірінен бастап 2011 жылдың 01 шілдесіне дейін - «КМ-АгроТрейд» ЖШС директоры; 3) 07 қыркүйек 2008 жылдан - 02 ақпан 2009 жылға дейін - «Seven Rivers Capital» АҚ Ішкі аудит қызметі директоры</p>		
---	--	--	--

Алдыңғы екі жылдың ішінде Эмитент директорлар Кеңесінің құрамындағы өзгертулер және көрсетілген өзгертулердің себептері:

➤ Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының шешімімен № S&Co-7-2-01 хаттама 29 шілде 2009 ж. бастап Директорлар Кеңесінің сандық құрамы бес адамға дейін өзгертілді.

➤ 22 қаңтар 2010 жылы өз қалауларымен директорлар Кеңесінің келесі мүшелерінің уәкілеттіліктері тоқтатылды:

- 1) Давид Машури - тәуелсіз директор,
- 2) Мимикенов Каиржан Махмедович,
- 3) Тохтаров Олжас Танирбергенович.

Негіздеме: «Директорлар Кеңесі құрамынан өз қалауымен кету туралы» хабарлама

➤ Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының шешімімен № S&Co-7-2-01 хаттама 26 қаңтар 2010 жылдан бастап директорлар Кеңесінің мүшелерінің уәкілеттіліктері мерзімінен бұрын тоқтатылды. Директорлар Кеңесінің сандық құрамының үш адамға дейін өзгеруі және жаңа директорлар Кеңесінің сайлануы: Ракишев Кеңес Хамитұлы, Каракулов Шарип Ганиевич (тәуелсіз директор), Ишмуратов Малик Жаксылыкович».

Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының шешімімен № S&Co-7-2-02 хаттама 13 маусым 2011 жылдан бастап директорлар Кеңесінің құрамына Дегтярев Евгений Евгеньевич сайланды, 11 сәуір 2011 жылы директорлар Кеңесінің мүшесі Ишмуратов Малик Жаксылыковичтің уәкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды.

Негіздеме: «Директорлар Кеңесі құрамынан өз қалауымен кету туралы» хабарлама

➤ Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының шешімімен № S&Co-7-2-01 хаттама 12 наурыз 2012 жылдан бастап Дегтярев Евгений Евгеньевичтің директорлар Кеңесінің құрамында уәкілеттілігі тоқтатылды;

Негіздеме: АКБ

ДК құрамы 4 адамға дейін көбейді және С.С Рахимов-тәуелсіз директор және О.Т.Тохтаров Басқарма төрағасы ретінде сайланды.

13-1. Эмитент директорлар кеңесінің комитеті (болған жағдайда)

Қоғамда Директорлар Кеңесінің комитеттері құрылған жоқ.

13-2. Ішкі аудит қызметі (болған жағдайда)

Ішкі аудит қызметі таңдалған жоқ.

14. Эмитенттің атқарушы органы – Басқарма

<p>Басқарма төрағасы және мүшелерінің тегі, аты, бар болуы жағдайында - әкесінің аты және туған жылы</p>	<p>Соңғы үш жылдағы және осы уақыттағы лауазымдары, хронологиялық тәртіпте, соның ішінде – қосарлы қызмет, олардың лауазым еткен мерзімдері</p>	<p>Қоғамның төленген жарғылық капиталындағы үлесі</p>	<p>Басқа ұйымдардың төленген жарғылық капиталындағы үлесі</p>
<p>Басқарма Төрағасы Тохтаров Олжас Танирбергенович, 1980 т/ж.</p>	<p>1) 07 қараша 2008 ж. – осы уақыт бойы - Қоғам Басқармасының Төрағасы; 2) 15 қараша 2007 ж. – 22 қаңтар 2010 ж. және 12 наурыз 2012 ж. - осы уақыт бойы - Қоғамның Директорлар Кеңесінің мүшесі. 3) 23 қыркүйек 2011 ж. - осы уақыт бойы - SatFerro Limited Басқармасы құрамындағы директор,</p>	<p>0,73%</p>	<p>Жоқ</p>

	4) 18 тамыз 2011 ж. - осы уақыт бойы - SAT & Co Netherlands N.V. Басқармасы құрамындағы тәуелсіз директор		
Басқарма мүшесі, Басқарма Төрағасының Бірінші орынбасары Муслинов Роллан Даниялович, 1979 т/ж.	1) 19 желтоқсан 2011 ж. - осы уақыт бойы - ShalkiyaZinc N.V. Директорлар Кеңесінің мүшесі; 2) 25 қазан 2011 ж. - 02 ақпан 2012 ж. - « Standard» сақтандыру компаниясы» АҚ Директорлар Кеңесінің мүшесі; 3) 23 қыркүйек - осы уақыт бойы - SatFerro Limited Директоры; 18 қыркүйек 2011 ж. - осы уақыт бойы – SAT & Co Netherlands N.V. Басқарма мүшесі, Атқарушы директоры 4) 18 қаңтар – 19 желтоқсан 2011 ж. – ShalkiyaZinc N.V. Директорлар Кеңесінің Төрағасы; 5) 18 қазан 2009 ж. – 22 желтоқсан 2010 ж. - Директорлар Кеңесінің Төрағасы, 22 желтоқсан 2010 ж. - осы уақыт бойы - Директорлар Кеңесінің мүшесі келесі компанияларда: «Taonan City Jinsheng Metallurgical Products Co.Ltd».», «Ulanhot Jinyuanda Heavy Chemical Industry Co.Ltd.», «Baicheng Jinsheng Nickel Industry Co. Ltd»; 6) 18 қазан 2009 ж. –22 желтоқсан 2010 ж. - «Jincheng SAT (Tianjin) Commercial&Trade Co., Ltd» Қытай Халық Республикасы, Тяньзин қ., Директорлар Кеңесінің Төрағасы, 22 желтоқсан 2010 ж. - осы уақыт бойы - Директорлар Кеңесінің мүшесі; 7) 25 қыркүйек 2007 ж. –30 қаңтар 2009 ж. - Қоғамның Басқарма Төрағасының кеңесшісі; 8) 30 қаңтар 2009 ж. – осы уақыт бойы - Басқарма мүшесі, Қоғамның Басқарма Төрағасының Бірінші орынбасары; 9) 02 маусым 2009 ж. – 03 маусым 2011 ж. - «ҚазФерроСталь» АҚ Директорлар Кеңесінің Төрағасы; 10) 22 сәуір 2009 ж. – осы уақыт бойы - «SAT & Co HOLDING ANONIM SIRKETI» («SAT & CO Холдинг Аноним Ширкети») АҚ Директорлар Кеңесінің Төрағасы; 11) 22 сәуір 2009 ж. – осы уақыт бойы - «SAT & Co MADENCILIK ISLETME TICARET ANONIM SIRKETI» («SAT & CO Маденжилик Ишлетме Тиджарет Аноним Ширкети») АҚ Директорлар Кеңесінің Төрағасы; 12) 22 сәуір 2009 ж. – 25 шілде 2011 ж. - «SIVAS MADENCILIK ISLETME TICARET ANONIM SIRKETI» («Сивас Маденжилик Ишлетме Тиджарет Аноним Ширкети») АҚ Директорлар Кеңесінің Төрағасы; 13) 22 сәуір 2009 ж. – 25 шілде 2011 ж. - «DENIZLI MADENCILIK ISLETME TICARET ANONIM SIRKETI» («Денизли Маденжилик Ишлетме Тиджарет Аноним Ширкети») АҚ Директорлар Кеңесінің Төрағасы.	0,75%	Жоқ
Басқарма мүшесі, Басқарма Төрағасының заң мәселелері жөніндегі орынбасары Рахматулаев Аблимит Абдурашитович, 1979 т/ж.	1) 07 қараша 2006 ж. – осы уақыт бойы - Басқарма мүшесі, Басқарма Төрағасының заң мәселелері жөніндегі орынбасары; 2) 26 мамыр 2010 ж. – осы уақыт бойы «Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» (Қазақстан Петрокемикал Индастриз Инк.) ЖШС Бақылаушы Кеңесінің мүшесі; 3) 16 сәуір 2010 ж. – 07 қыркүйек 2010 ж. – «Отан» ашық жинақтаушы зейжоқакы қоры» АҚ Директорлар Кеңесінің мүшесі; 4) 18 қазан 2009 ж. – осы уақыт бойы - «Jincheng SAT (Tianjin) Commercial&Trade Co., Ltd» Қытай Халық Республикасы, Тяньзин қ., Директорлар Кеңесінің мүшесі; 5) 18 қазан 2009 ж. – осы уақыт бойы - Директорлар Кеңесінің мүшесі келесі компанияларда: «Taonan City Jinsheng Metallurgical Products Co.Ltd.», «Ulanhot Jinyuanda Heavy Chemical Industry Co.Ltd.», «Baicheng Jinsheng Nickel Industry Co. Ltd»; 6) 6 наурыз 2012 ж. - осы уақыт бойы – «Ammonia production & distribution (Аммония продакшн энд дистрибьюшн)» ЖШС Бақылаушы Кеңесінің мүшесі. 7) 13 сәуір 2012 ж. – осы уақыт бойы - «КАЗГЕОКОСМОС» АҚ Директорлар Кеңесінің мүшесі, 13 мамыр – осы уақыт бойы - Директорлар Кеңесінің Төрағасы	Жоқ	Жоқ
Басқарма мүшесі, Басқарма Төрағасының қаржы және инвестициялар	1) 02 наурыз 2009 ж. - осы уақыт бойы - Қоғамның Басқарма мүшесі, Басқарма Төрағасының қаржы және инвестициялар жөніндегі орынбасары; 2) 16 сәуір 2010 ж. – 07 қыркүйек 2010 ж. - «Отан» ашық	Жоқ	Жоқ

жөніндегі орынбасары Сагитова Румия Шафхатовна, 1978 т/ж.	жинақтаушы зейжоқақы қоры» АҚ Директорлар Кеңесінің мүшесі.		
---	---	--	--

15. Егер Эмитенттің атқарушы органының уәкілеттіліктері басқа коммерциялық ұйымға (басқарушы ұйымға) берілген жағдайда.

Егер Эмитенттің атқарушы органының уәкілеттіліктері басқа коммерциялық ұйымға (басқарушы ұйымға) берілмеді.

16. Эмитенттің Директорлар Кеңесі мүшелеріне, атқарушы орган және басқа да басқарушы тұлғаларға төлежөкіні сыйақы

№ i/т	Органның атауы	Облигациялық бағдарламаны шығару туралы шешім қабылдағанға дейін соңғы үш айда алынған сыйақы	Облигациялық бағдарламаны шығару туралы шешім қабылдағаннан кейінгі он екі ай ішінде төленуі жоспарланған сыйақының жалпы шамасы
1.	Директорлар Кеңесі	3 007 083 теңге	11 946 000 теңге
2.	Басқарма	3 770 214 теңге	15 354 000 теңге

17. Эмитенттің ұйымдастырушылық құрылымы

1) Эмитенттің құрылымдық бөлімшелері, бөлімшелері және өкілдіктері

Эмитенттің құрылымдық бөлімшелері туралы ақпарат осы Проспектіне № 1 Қосымшада келтірілген.

2) Эмитент жұмысшыларының жалпы саны, соның ішінде Қоғам бөлімшелеріндегі және өкілдіктеріндегі жұмысшылар саны

Осы облигацияларды шығару проспектісін жазу күніне қарай Эмитенттің жұмысшыларының саны 65 адамды құрайды.

3) Эмитент бөлімшелерінің басшылары туралы мәлімет (тегі, аты, бар болуы жағдайында – әкесінің аты, туған жылы)

	Т.А.Ә.	Туған жылы	Бөлімше	Лауазымы
1.	Шарабок Надежда Ивановна	1955	Бухгалтерлік есептілік департаменті	Бас бухгалтер
2.	Хамитов Женисхан	1956	Тау-кен-металлургия департаменті	Департамент директоры
3.	Шакен Мухтар Шакенұлы	1980	Маркетинг және логистика департаменті	Департамент директоры
4.	Смагулов Миржан Кулмагамбетович	1955	Іргелі құрылыс бөлімі	Бөлім директоры
5.			Қаржы департаменті	Департамент директоры
6.	Жангабылов Мухтар Серикович	1981	Заң департаменті	Басқарушы директор
7.	Менсеитова Алия Рафиковна	1982	Бюджеттендіру департаменті	Департамент директоры
8.	Бекбасарова Майра Джанғалиевна	1961	Қызметкерлерді басқару және өкілшілік департаменті	Департамент директоры

3 ТАРАУ. ЭМИТЕТТИҢ АКЦИОНЕРЛЕРІ (ҚАТЫСУШЫЛАРЫ) ЖӘНЕ ҮЛЕСТЕС ТҮЛҒАЛАРЫ

18. Эмитенттің акционерлері (қатысушылары).

1) Эмитент акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы саны және он және одан көбірек пайызына иелік ететін (орналастырылған және дауыс беретін акциялар) акционерлер (қатысушылар) туралы ақпарат (толық және қысқартылған атауы, заңды тұлғаның орналасқан орны не болмаса жеке тұлғаның тегі, аты, болған жағдайда әкесінің аты):

Эмитент акционерлерінің жалпы саны, осы облигацияларды шығару проспектісін жазған күнгі жағдай бойынша 28 акционерді құрайды, олардың ішінен он және одан көбірек пайызына иелік ететін (орналастырылған және дауыс беретін акциялар) бір жеке тұлға:

Дауыс беретін акциялардың он және одан көбірек пайызына иелік ететін жеке тұлғалар

Тегі, аты, әкесінің аты	Тұрған жері	Дауыс беретін акциялардың % арақатынасы
Ракишев Кеңес Хамитұлы	Алматы қ.	66,36%

2) Эмитенттің акционерлері (қатысушылары) болып табылмайтын, бірақ Эмитенттің қызметін басқа ұйымдар арқылы бақылау құқығына ие тұлғалар туралы мәліметтер:

Эмитент қоғамның акционерлері (қатысушылары) болып табылмайтын, бірақ қоғамның қызметін басқа ұйымдар арқылы бақылау құқығына ие не болмаса қоғам қабылдайтын шешімдерге келісім-шарт күшімен немесе өзге түрде ыпал етуге қабілетті қандай да бір тұлғалармен байланысты емес.

19. Эмитент акциялардың (үлестердің) он және одан көбірек пайызына иелік ететін заңды тұлғалар туралы мәліметтер, заңды тұлғаның толық атауын, оның орналасқан орнын, оның жарғылық капиталындағы эмитент акцияларының (үлестердің) пайыздық арақатынасын, қызмет түрін, бірінші басшының тегі, аты, болған жағдайда – әкесінің атын көрсету

№	Заңды тұлғаның атауы	ЖК үлесі	Қызмет түрі	Мекен-жайы	Бірінші басшы
1	«SAT Petrochemicals» жауапкершілігі шектеулі серіктестік	100%	Бөлшек және көтерме сауда, халықтық тұтыну тауарларын өндіру және сату	Алматы қ., Масанчи к-сі, 26	Орынбаева Айжан Нургалымовна
2	«SAT Trade» жауапкершілігі шектеулі серіктестік	50%	Мұнай өнімдерін және шикі мұнайды сату	Алматы қ., Мұқанов к-сі, 241	Габдулин Алмаз Аскарович
3	«Астананефтехим» жауапкершілігі шектеулі серіктестік	100%	Өнімдерді, тауарларды сату, жұмыстарды орындау және қызмет көрсету	Астана қ., Гёте к-сі, 4	Довганюк Кирилл Игоревич
4	«Шығыс-Мұнай» жауапкершілігі шектеулі серіктестік	100%	Мұнай өнімдерін және шикі мұнайды сату	Алматы қ., Майлин к-сі, 17А	Сагитов Ренат Шафхатович
5	«САТ Сауда Үйі» ЖШҚ	100%	Металл және металл кендерін көтерме сату	Мәскеу қ., Лужнецкая набережная к-сі, 2/4-үй, стр.3А	Саттаров Руслан Рафхатович
6	«Ақтаулық Битум» жауапкершілігі шектеулі серіктестік	100%	Битум, битумді-полимерлік эмульсияларды, шайырларды, майларды, майлайтын қоспаларды және т.б. өндіру	Ақтау қ., 14-ықшамаудан, 33-ғимарат	Касьян Татьяна Евгеньевна
7	«Дан Констракшн» жауапкершілігі шектеулі серіктестік	50%	Үлестік қатысу үшін жеке және заңды тұлғалардың ақшасын тарту жолымен көп функционалдық мақсатқа ие ғимараттарды, кешендерді салу	Алматы қ., Мыңбаев к-сі, 43-үй, 404-кеңсе	Исабекова Лиза Амрекуловна
8	«Хай Текнолоджи» жауапкершілігі шектеулі серіктестік	50%	Көтерме және бөлшек сауда	Алматы қ., Мыңбаев к-сі, 43-үй, 404-кеңсе	Чалов Данияр Тулегенович
9	«Kazakhstan Petrochemical		Атырау облысында алғашқы	Атырау қ.	Исмағұлов Чингис

	Industries Inc.» (Қазақстан Петрокемикал Индастриз Инк) жауапкершілігі шектеулі серіктестік;	49%	біріктірілген газ химиялық кешенді, жобаға қосымша инфрақұрылымдық объектілерді және Теңізшевройлдың өндірістік ғимараттарынан газ шикізатын беру үшін құбырларды салу	Қарабатано ауданы, «Ұлттық индустриалды мұнай химиялық технопарк» арнайы экономикалық аймақ аумағы	Джалиденович
10	«SatKomir» тау-кен компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестік	100%	Көмір өнімдерін өндіру, сату және сатып алу	Қарағанды облысы, 100410, Бұхар Жырау ауданы, Қаракұдық ауылы, Набережная к-сі, 5-үй	Тохтаров Танирберген Тохтарович
11	«Jinsheng SAT (Tianjin) Commercial&Trade Co., Ltd» жауапкерлігі шектеулі қытай-шетелдік бірлескен компания	51%	Металл өнімдерін және бұйымдарын көтерме және бөлшек сауда, импорт және экспорт	Қытай Халық Республикасы, Тяньцзинь қ. – Жоғары және жаңа технологиялар кәсіпшілігін өндірудің Биньхайлық аймағы	Jong-Seon Kang
12	ShalkiyaZinc N.V.	98,1%	Тау-кен өндірісі және карьер жасап шығару	Нидерланды Корольдігі, Роттердам қ.	Қуанбай Алькен Данелулы
13	«Орталық Азиялық инвестициялық консалтингтік компания» жауапкершілігі шектеулі серіктестік	99,91 %	Консалтинг, инвестициялық жобалар	Алматы қ., Мұқанов к-сі, 241	Маханов Нуржан Зарлыкович
14	«Бутадиен» жауапкершілігі шектеулі серіктестік	100%	Көмірсутек шикізатын қайта өндіру және мұнай химиялық өнімдерді шығару бойынша мұнай химиялық өндірістерді құру және дамыту бойынша жобаларды жасау және жүзеге асыру, соның ішінде будадиен өндіру	Алматы қ., Мұқанов к-сі, 241	Салықбаев Ренат Қайратович
15	«HQ Rubber production and distribution» жауапкершілігі шектеулі серіктестік	100%	Көмірсутек шикізатын қайта өндіру және мұнай химиялық өнімдерді шығару бойынша мұнай химиялық өндірістерді құру және дамыту бойынша жобаларды жасау және жүзеге асыру, соның ішінде каучук өндіру	Алматы қ., Мұқанов к-сі, 241	Салықбаев Ренат Қайратович
16	«Ammonia production and distribution» жауапкершілігі шектеулі серіктестік	25%	Көмірсутек шикізатын қайта өндіру және мұнай химиялық өнімдерді шығару бойынша мұнай химиялық өндірістерді құру және дамыту бойынша жобаларды жасау және жүзеге асыру, соның ішінде аммоний және карбомид өндіру	Алматы қ., Мұқанов к-сі, 241	Еспаев Алимхан Майданович
17	«Қазгеоғарыш» акционерлік қоғамы	32%	Биік, орташа және төменгі кеңістік айқындылыққа ие көп спектрлі әуе ғарыштық ақпаратты қабылдау	Алматы қ., Мұқанов к-сі 223 В	Аманбаев Руслан Нуртаевич
18	SatFerro Limited	100%		One London Wall, Лондон, EC2Y 5AB, Англия,	Ракишев Кенес Хамитулы

				Англия және Уэльстің компаниялар тізілімінде тіркелген (органның атауы – Companies House) №7785523 нөмірмен	Тохтаров Олжас Танирбергенович Мусинов Роллан Даниялович
19	SAT Ferro B.V.	100%	Қаржылық холдинг (SBI 6420)	Strawinskylaan 411,1077 XX Amsterdam	Басқарушы компания United International Management B.V. (келісім бойынша Р.Д. Мусинов)
20	«SAT Nickel» жауапкершілігі шектеулі серіктестік	100%	Ферроникель зауытын салу және пайдалану	Астана қ., Сарыарқа ауданы, Сарыарқа к-сі, 15-үй, 710-кеңсе	Садыков Серик Барлыкович
21	«SAT Energy» жауапкершілігі шектеулі серіктестік	100%	Электр энергиясын сатып алу, сату және тасымалдау	Алматы қ., Мұқанов к-сі, 241	Абишев Бекет Кудайбергенович

20. Эмитент қатысатын өнеркәсіптік, банктік, қаржылық топтар, холдингтер, концерндер, қауымдастықтар, консорциумдар туралы ақпарат

Эмитент мүшесі/қатысушысы болып табылады:

Атауы	Орналасқан жері
«Кен-Металлургиялық Кәсіпорындары Қауымдастығы» заңды тұлғалардың бірлестігі (КМКК)	010000 Астана қ., Қонаев к-сі, 12/1, «Сұлы-жасыл бульвар» БО

Басқа топтарда, холдингтерде, концерндерде, қауымдастықтарда және консорциумдарда Эмитент қатыспайды.

21. Эмитенттің басқа үлестес тұлғалары туралы мәліметтер.

Эмитенттің үлестес тұлғалары туралы ақпарат осы Проспектіге №2 қосымшада келтірілген және Уәкілетті органда ұсынылған.

22. Соңғы қаржы жылына үлестес тұлғалардың қатысуымен жасалған келісімдер.

Күні	Келісім-шарт тараптары	Келісім-шарт мәні	Келісім-шарт бойынша сома	Келісім жасасу туралы шешім қабылдаған орган
18.01.2011	Р.Д. Мусинов	Уақытша қаржылық көмек алу	130 000 000 теңге	Басқарма
04.03.2011	«Қазгеоғарыш» АҚ	Уақытша қаржылық көмек көрсету	19 430 505 теңге	Басқарма

22-1. Арнайы қаржы компаниясының облигацияларын шығару кезінде секьюритизация келісімі тараптарының үлестестігі туралы ақпарат ашылады, үлестестігін қабылдау үшін негіз және оның пайда болу күнін көрсетумен қоса.

Эмитент арнайы қаржы компаниясы болып табылмайды.

4 ТАРАУ. ЭМИТЕНТ ҚЫЗМЕТІН СИПАТТАУ

(егер эмитент IAS 27 қаржылық есептіліктің халықаралық стандартына сәйкес топ құрамына кіретін болса, онда бұл бөлім бүкіл топтың шоғырландырылған қаржы есеп-қисабының негізінде толтырылады)

23. Эмитент қызметіндегі жалпы тенденцияларды қысқаша сипаттау, соның ішінде Эмитенттің негізгі қызмет түрлері бойынша

«SAT & Company» АҚ өнеркәсіптің түрлі салаларында жұмыс істейтін кәсіпорындарды біріктіретін топтың бас компаниясы болып табылады: мұнай химиялық, мұнай-газ, металлургия және басқасы.

Бүгінгі таңда Компания марганец негізінде феррокорытпаларды өндіру бойынша, никель және хром, мырыш және қорғасын концентраттарын табу және өндіру саласында активтері бар, көмір разрезін пайдаланады және Қазақстандағы мұнай-химия өнімдерін шығару бойынша ең ірі жоба құрысына қатысады.

1) Эмитенттің бәсекелестері саналатын ұйымдар туралы мәліметтер:

Металлургиялық өнеркәсіп

Қазақстандық тау-металлургиялық кешенінің құрамына 70 аса кәсіпорындар мен ұйымдар кіреді. Қазақстанның ірі кәсіпорындарына мыналар жатады:

1. ENRC – біріктірілген өндіретін, қайта өңдейтін, энергетикалық және тасымалдаушы кәсіпорындары бар, минералды ресурстарды өндіру және қайта өңдеу саласындағы әлемдегі алдыңғы қатарлы топ саналады.
2. «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС – әлемдегі табиғи ресурстарды өндіру және өңдеу бойынша алдыңғы қатарлы компания. Негізгі қызметі – мыс шығару.
3. «Қазцинк» ЖШС – мыс, асыл металл және қорғасынды ілеспелі шығаруда үлкен үлесі бар мырыштың біріктірілген ірі өндірушісі.
4. «АрселорМиттал Теміртау» АҚ – Қазақстан Республикасының тау-металлургиялық саласының ірі кәсіпорны саналады және жеке көмір разрезі, темір кені және энергетикалық қоры бар біріктірілген тау-металлургиялық кешен болып табылады.

Химия өнеркәсібі

Республикада барлығы 40 жуық химиялық кәсіпорындар бар. Қазақстанның химия өнеркәсібінің ірі кәсіпорындарына жататындар:

1. «Қазфосфат» ЖШС – Қазақстанның фосфорлық өнеркәсібінің басында тұр, ТМД елдері аумағында фосфор құрамдас өнімдерді өндіру бойынша көшбасшы компания саналады.
2. «ҚазАзот» ЖШС – Қазақстан Республикасында аммиак және аммиакты селитра өндіретін жалғыз өндіруші саналады.
3. «Ақтөбе Хром Қосындылары Зауыты» АҚ – Қазақстан Республикасының 60 ірі кәсіпорындарының тізіміне енеді, тері илейтін синтетикалық сығындыларды, хромит тұзын, хром тотығын, күкіртті натрий, натрий сульфатын және тұрмыстық химия туарларын өндіреді

Химия саласының ірі кәсіпорындарының қатарына «Қазцинк» ЖШС, «АрселорМиттал Теміртау» АҚ, «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС кіреді.

Мұнай өнеркәсібі

Қазақстанның мұнайгаз саласында көлемі жағынан алуан түрлі компаниялар қызмет етеді. Қазақстанның мұнайгаз саласының ірі кәсіпорындарына жатады:

1. «ҚазМұнайГаз» Ұлттық Компаниясы» АҚ – 44 мұнайгаз кен орындарының иелік ететін, Қазақстандағы ірі мұнайгаз компаниясы.
2. «Теңішевройл» бірлескен кәсіпорны – геологиялық барлауды, жасауды, өндіруді жүргізетін, сондай-ақ мұнайды және ілеспелі өнімдерді өткізетін кәсіпорын.

3. «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» бірлескен кәсіпорны» АҚ - Қазақстанның батысында Ақтөбе облысының көмірсутекті шикізатын өндіретін Қазақстандық-Қытайлық бірлескен кәсіпорын, Қазақстанның алдыңғы қатарлы мұнайгаз операторларының бестігіне кіреді.

4. Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг – Қазақстанның мұнай саласын дамыту бойынша Қарашығанақ жобасын жүзеге асыру үшін біріккен компаниялардың консорциумы. Консорциумға Би Джи Групп» (32.5 пайыз), «Эни» (32.5 пайыз), «Шеврон» (20 пайыз) және «ЛУКОЙЛ» (15 пайыз) кіреді.

Көмір өнеркәсібі

Қазақстанның көмір өнеркәсібінің ірі кәсіпорындары жататындары:

1. «АрселорМиттал Теміртау» АҚ – көмір өндіру бойынша топқа 8 шахта және «Шығыс ОБФ» тау-байытатын фабрика, сондай-ақ 10 жәрдемші кәсіпорын кіреді, өңдеуші кен орындарындағы көмір қоры 1,5 млрд. тонн. құрайды

2. «Богатырь Көмір» ЖШС – ашық әдіспен «Богатырь» және «Солтүстік» екі разрезде көмір өндіретін әлемдегі ең ірі кәсіпорындардың бірі. Компанияның өнеркәсіптік жиынтық қоры шамамен 3 млрд. тонна көмірді құрайды. «Богатырь» разрезінің өндірістік қуаты – жылына 32 млн. тонна көмір, «Солтүстік» разрезінікі – жылына 10 млн. тонна көмір. Компанияның үлесіне Екібастұз көмір бассейнінде өндірілетін барлық көмір көлемінің 69% тиесілі.

3. «Шұбаркөл көмір» АҚ Қазақстандағы энергетикалық көмір өндіретін ірі өндіруші саналады.

4. «Ангренсор» ЖШС «Екібастұз» разрезінде 2005 жылдан бастап көмір өндіруді жүзеге асырып келеді.

2) Қазақстан Республика ішінде орташа салалық және мүмкін болған жағдайда орташа әлемдік көрсеткіштерімен бірге эмитент қызметінің салыстырмалы сипаттамасы

Металлургиялық өнеркәсіп

2011 жыл бойынша қызметке шолу

Бүгінгі таңда Қазақстанның тау-металлургиялық кешені өнеркәсіптік негізгі салаларының бірі саналады және қара және түсті металлургияны, сондай-ақ дайын металл өнімдерін өндіруді қамтиды. Тау-металлургиялық кешеннің үлесіне Қазақстанның ІЖӨ шамамен 19% жуығы тиесілі, ал тау-металлургиялық кешеннің үлесі экспорт көлемінде 20% құрайды.

2011 жылдың қаңтар-желтоқсанында Қазақстандағы металлургиялық өнеркәсіптің өндіріс көлемі 1 948 563 млн. теңгені құраған, ұқсас кезеңдегі физикалық көлем индексі 106,5% құрады. 2010 жылы ұқсас көрсеткіш 13,4% құрады. Осылайша, өнеркәсіп құрылымындағы металлургиялық өнеркәсіп үлесі 2011 жылы қысқарды.

Қара металлургияның өндіріс көлемі 785 432 млн. теңгені, негізгі асыл және түсті металдар - 1 156 016 млн. теңгені, металл құймасы - 7 115 млн. теңгені құрады. 2010 жылмен салыстырғанда қара металлургияның өндіріс көлемі 15,8%, негізгі асыл және түсті металдар - 30,9%, металл құймасы - 18,3% өскен.

Экспорт құрылымында 2011 жылы металдардың және олардың өнімдерінің үлесі 11,6% құрады.

Металлургиялық өнеркәсіптегі өндіріс көлемі және физикалық көлем индексі

млн. теңге

Көрсеткіш	2010 жыл	2011 жыл
Металлургиялық өнеркәсіп	1 569 969	1 948 563
- қара металлургия	678 255	785 432
- негізгі асыл және түсті металдарды өндіру	883 001	1 156 016
- метал құймасы	8 713	7 115
Алдыңғы жылға физикалық көлем индексі %	112,2	106,5

Химия өнеркәсібі

2011 жыл бойынша қызметке шолу

Бүгінгі таңда Қазақстанның химия өнеркәсібі жеке химия өнімдерінің өндірісімен ұсынылған. Мұнай-химия, газ-химия және көмір-химияны ескермегенде, сала 10 ішсаланы қамтиды: минералды тыңайтқыштарды өндіру; органикасыз химияның негізгі өнімдерін өндіру; жылтыр сырларды және бояуларды өндіру; жарылғыш заттарды өндіру; өсімдікті қорғау құралдарын өндіру; органикалық химия өнімдерін өндіру; тұтынушылық химикаттар өндіру; сүзгіш материалдарды, жеке және ұжымдық қорғаныс құралдарын өндіру; өзге химиялық өнімдерді өндіру; техногендік қалдықтарды қайта өңдеу.

2011 жылы Қазақстандағы химиялық өнеркәсіп көлемі 142 729 млн. теңгені құрады, бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда 39,3% көп. Физикалық көлем индексі 2011 жылы 121,5%, 2010 жылы – 121,4%

құрады.

Өнеркәсіптік өндіріс құрылымында химиялық өнеркәсіптің үлесі 2011 жылы 0,91% құрады. 2010 жылы ұқсас көрсеткіш 0,87% көрсетті. Осылайша, өнеркәсіптік құрылымдағы металлургиялық өнеркәсіп үлесі 2011 жылы болмашы өскен.

Химиялық өнеркәсіптегі өндіріс көлемі және физикалық көлем индексі

Көрсеткіш	2010 жыл	2011 жыл
Химия өнеркәсібі, млн. теңге	102 395	142 729
Алдыңғы жылға физикалық көлем индексі %	121,4	121,5

Мұнай өнеркәсібі

2011 жыл бойынша қызметке шолу

Мұнай саласы Қазақстанның негізгі саласы саналады. Мұнайгаз секторының жалпы қосылған құндағы үлесі 2011 жылы 23,4% құрады.

2011 жылы Қазақстандағы шикі мұнайды өндіру көлемі 8 512 002 млн. теңгені құрады, бұл 2010 жылмен салыстырғанда 41,6% артық. Физикалық көлем индексі 2011 жылы 100,6%, 2010 жылы – 105,8% құрады.

Өнеркәсіптік өндіріс құрылымындағы шикі мұнайды өндіру үлесі 2011 жылы 54,36% құраған. 2010 жылы ұқсас көрсеткіш 51,14% құрады. Осылайша, өнеркәсіптік құрылымдағы шикі мұнайды өндіру үлесі 2011 жылы өскен.

2011 жылы Қазақстан 69,611 млн. тонна мұнай және газ конденсатын экспортқа шығарған, бұл 2010 жылға қарағанда 3,3% артығырақ. Ақшаға шаққанда мұнай және конденсатты экспорттау 2011 жылы 55,2 млрд. АҚШ долларын құраған, бұл 2010 жылғы деңгейден 49,3% көп. Мұнай өнімдерінің экспорты 2011 жылы 4,442 млн. тоннаны құрады, бұл 2010 жылмен салыстырғанда 9,7% кем.

Мұнай өнеркәсібіндегі өндіріс көлемі және физикалық көлем индексі

Көрсеткіш	2010 жыл	2011 жыл
Шикі мұнайды өндіру, млн. теңге	6 012 132	8 512 002
Алдыңғы жылға физикалық көлем индексі %	105,8	100,6
Мұнай өңдеу өнімдерін өндіру, млн. теңге	325 493	401 210
Алдыңғы жылға физикалық көлем индексі %	114,2	100,0

Көмір өнеркәсібі

2011 жыл бойынша қызметке шолу

Бүгінгі таңда көмір өнеркәсібі электр энергиясының 78% өндіруді, кокс-химиялық өндірісті толық қосуды қамтамасыз етеді. Қазақстан көмір қорының көлемі бойынша әлемде сегізінші орынға ие және шамамен қордың жалпы әлемдік көлемінің 4% қамтиды.

2011 жылы Қазақстандағы көмір және лигнит өндірісінің көлемі 178 854 млн. теңгені құрады, бұл алдыңғы жылға қарағанда 31,6% артық. Физикалық көлем индексі 2011 жылы 100,6%, 2010 жылы – 104,4% құраған.

Өнеркәсіптік өндіріс құрылымында көмір өндіру көлемі 2011 жылы 1,14% құрады. 2010 жылы ұқсас көрсеткіш 1,16% құрады. Осылайша, өнеркәсіп құрылымындағы көмір өндіру үлесі 2011 жылы болмашы кеміген.

Металлургия өнеркәсібіндегі өндіріс көлемі және физикалық көлем индексі

Көрсеткіш	2010 жыл	2011 жыл
көмір, лигнит өндіру, млн. теңге	135 955	178 854
Алдыңғы жылға физикалық көлем индексі %	104,4	100,6

3) саланың келешектегі дамуына және осы саладағы эмитенттің жай-күйіне қатысты болжам

«Sat & Company» АҚ серпінді дамып отырған холдинг болып табылады. Топтың келешектегі дамуы, минералды ресурстарды өндіру және қайта өңдеу саласында бәсекеге қабілетті Компания болуға бағытталған.

Ферроқорытпа бағытының дамуы тау-кен қорын кеңейтуді және қолданыстағы кен орындарын дамытуды (Айткөкше, Сарыарқа mining) және «ТМЗ» ЖШС өндірісін қазіргі заманғы газ тазалау жүйесі бар жаңа ферроқорытпа пештерін іске қосу арқылы 250-300 тонна ферросиликомарганецке дейін арттыруды көздейді.

Көмір өндіру бойынша даму келешегі:

- өндірістік қуатын жылына 3 млн. тонна көмірге дейін арттыру және ұстап тұру;
- Қарағанды облысының және жақын маңдағы өңірлердің қажеттіліктерін қамтамасыз ету;
- Өңірдің әлеуметтік ахуалын сақтау және жақсарту.

Никель бағыты тауарлық никель штейнін алу мақсатында Горностаевка кен орнында кобальт-никельдік кендерді қайта өңдеу өндірісін ұйымдастыруды көздейді. Жобаның даму келешегі төмендегілерді қамтиды:

- никель зауытының құрылысы;
- кобальт-никельдік кендерді қайта өңдеу және штейн және ферроникельді өндіру;
- өнімді сату.

Мырыш бөлімшесі бағытын дамытудың басым міндеттері:

- кен орнында жаңа қайта өңдеу зауытының құрылысын салу;
- өндірістік қуатын жылына 4 млн. тоннаға дейін арттыру;
- отандық металлургиялық кәсіпорындар үшін концентрат өндіру;
- өңірдің әлеуметтік сұрақтарын шешу.

Хром бағыты бойынша ағымдағы учаскілерді қорды арттыру мақсатында ауқымды барлау жұмыстарын жүргізу, тікелей кен орнында жаңа байыту фабрикасын салу және өндіру жоспарлануда.

